

Мемлекеттік қызметші – қоғам айнасы. Мын жерден мактауы-н келістірсек те, жұрт үлгі алатын азаматтардан сын арылмай-ақ қойды. Ақ жағасын кір шалып, қу күлқынның кесі-ріне-н қолына кісен салынып жатқ-андары қаншама? Бірінің тәртібі талқыға түседі, енді бірі-нің қолы былғанады, соны түр-меге тоғытылады. Сан саланы «жемқорлық» дейтін «жегікүрт» жайлап алған. Мұның тыйы-латын түрі де жоқ сынайлы. Тіпті, 2017 жылдың алғашқы алты айының өзінде мемлекет-тік қызметшілер 1 млрд теңгеге жуық пара алған.

– Ағымдағы жылдың басынан бері пара алғаны үшін 900-ден астам адам ұсталды. Олардың алған параларының көлемі әр-түрлі болып келеді. Бірақ, 1 миллион теңгеден кем емес,- дейді Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орын-басары Айгүл Шаимова.

Яғни, жемқорлықты түп тамыры-мен жоя алмайтынымызды тағы да ұғындық. Әйтсе де, ел алдында жүрген шенеу-нік-тердің бұлайша шалыс басуына нендей себеп? Яки, олар «күргак қасық ауыз жыртады» деген мәтелді жадына жақсылап тоқып алған ба? Әлде, «бермесен, алмаймын» дейді ме екен? Сауал- қол, жауап жоқ. Ең қызығы, түт-қындалып жатқан мемлекеттік қызметшілердің қатарында біл-дей басқарманың, не болмаса министрліктің лауазымдылары, тіпті, ауыл әкімдеріне дейін бар. «Айлығы шайлығына жетпейді» деп тағы да ақтап ала алмайсың. Десе де, жоғарғы жақ бұл қызметшілердің жалақысын 50 пайызға қотермек. Осы арқылы бүгінгі «дәртке» дәру боламыз дейді ме? Кім білсін? Жалақы жоғары-ла-ғанымен, жемқорлықтың жо-йы-латынына да сенім жоқ.

– Қосымша төлемді нәтиже қорсететін үздік қызметкерлер ғана алатын болады. Бағалау бойынша қызметкерлердің төрт категориясы болады. “Үздік”, “нәтижелі”, “қанағаттандырарлық” және “нәтижелі емес”. Қосымша төлемді тек “үздік” және “нәтижелілер” ала алады,- дейді Айгүл Шаимова.

Демек, бұрынғыдай еңбек отіліне және лауазымына қарай жалақы төленбейді. Тек еліне қандай еңбек сіңірдің, қорсе-тілген міндеттерді қалай іске асырдың, бір сөзбен айтқанда, қызметтегі жетістігін қандай, еңбекақын да сондай болмақ. «Таяқтың екі ұшы бар» дегендей, егер қарамағындағы қызметкер жоғары жалақы алу үшін басшысына «конверт» ұсын-басына кепілдік қәне?!

Қызметте жүріп теріс «қылық» қорсететін жауаптылар да жетерлік. Мұндайда дана казак «семіздікті қой ғана қотереді» деп бекер айтпаса керек. Қреслонын буымен озін-озі ұстаудан қалған қызметшілердін қатары да қалын. Осы жылдын бірінші тоқсанында-ақ облыста 198 мемлекеттік қызметкер жауап-кершілікке тартылған. Аз ба, көп пе, озініз сараланыз. Әйтсе де, мемлекет мүддесі үшін еңбек ететін қызметкерлердін адалдығы қорініп тұрса дейміз...

Асан □ ДӘУЛЕТ